



Ақсу өңірі

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№27 (10 178)

14 шілде

жұма

2023 жыл

aksuoniri@mail.ru

Жерлесіміз мәжіліс депутаты



Биыл 19 наурызда өткен Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауында халықтың қолдауын тауып, ең жас Парламент Мәжілісінің депутаты болған өзіміздің ауданның тумасы, қазіргі Көкжайдақ (Қосағаш) ауылында өсіп, білім алып, ауылдың топырағына аунап, суын ішіп өскен кешегі ұл, бүгінде елдің сөзін сөйлейтін азамат болғаны барлығымызды қуантқан.

Ол Сайлаубай Наурыз Саятұлы. Енді Наурыз Саятұлы өзінің өскен ауданының жағдайын біліп, халықпен кездесу үшін арнайы туған өлкесіне атбасын бұрған болатын.

Кездесу таулы аймақта өтті. Алдымен Қапал ауылының тұрғындарымен кездесіп, ауылдағы мәселелерге құлақ түрді. Бұл жерде көтерілген мәселелердің ең үлкені шығыс жақтағы қайтадан ашылып жатқан аудандар сияқты Қапал ауданын бұрынғыдай жеке аудан жасау болды.

Екінші Арасан ауылындағы кездесуде көтерілген ең күрделі мәселе жайылым, шабындық, егіс алқабына су жетпейтіндігі. Оны шешудің жолы Бүйен езенінің басына тоспа жасау болды.

Көтерілген басқа ұсақ мәселелерге "қанағаттанарлық" жауаптар беріп, күрделі мәселелерді жоғарыға жеткізетіндігін айтты.

Ербол СЫМХАНОВ.



Астана күні. Әңгімелейміз мақтанна мұны

Ауданымызда Елордамыз Астананың 25 жылдығы орталық алаңда мерекелік көңіл - күймен аталып өтті. Бұрындары "Қобызшы Молькабай" атындағы мәдениет үйінде салтанатты шара ретінде өтетін. Биыл кешкі салқынмен алаңға шыққан аудан тұрғындары мен мекеме қызметкерлері мерекелік ән - шашуларды тыңдап, әр түрлі ойындар ойнап, көңілді тарқасты.

Шара барысында аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлы құттықтау сөз сөйледі.

Мерекелік концертті қазіргі сахнаға шығып жүрген өнерпаздардың ең үлкені, еліміздің мәдениет саласының үздігі, есімі ауданның "Құрмет кітабына" енген Рахымбеков Сарқытбек Томпышұлы елге танымал, құлағына сіңімді Астанаға арналған ең алғашқы әндердің бірі, Марат Омаровтың "Астана - арман қала" әнімен бастап, аудан өнерпаздары Астанаға байланысты әндермен қостап, тамаша концерттік бағдарлама көрсетті. Шараға "Қобызшы Молькабай", "Ақын Сара" мәдениет үйлерінің, Ақсу, Көкөзек т.б. ауылдық клубтарының өнерпаздары өнерлерін көрсетті.

Арасында көрермендермен әртүрлі ойындар ойнатылса, сахна сыртына орнатылған алтыбақанда балалар өткеншек теуіп, мез - мейрам болды.

Е.ӘБДІКӘРІМҰЛЫ.

"КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК" жобасы аясында мониторинг

«AMANAT» партиясының «Кедергісіз келешек» жобасы аясында Ақсу аудандық партия филиалы мен аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мамандары, ерекше қажеттілігі бар жандарға қолайлы орта қалыптастыруды қадағалау мақсатында бірқатар мекемелердің пандустарына мониторинг жүргізді.

Шара барысында жыл соңына дейін бейімделетін мекемелердің қазіргі жай-күйі бақыланды. Мекеме басшыларына топ мүшелері тарапынан пандус жолдарының ережесі таныстырылып, талапқа сай жасалуы қажеттігі түсіндірілді.

Қ.БЕКБАЛАНОВ,
Ақсу ауданының ЖҚЖӘБ бөлімінің басшысы.



АҚСУ АУДАНЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

№58

11 шілде 2023 жыл

Б. Сырттанов ауылдық округі әкіміне кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жою туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 27-бабының 9-тармағына сәйкес Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Б.Сырттанов ауылдық округіне әкімдікке кандидат Мұқатаев Асылтай Құрмангелдіұлының тіркеу туралы шешімінің күші сайлау алдындағы жөнсіз үгітті жүргізу негізінде жойылсын.

2. Осы Қаулы Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-парақшасында жариялансын.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы

Б.БАЙБОЛОВ
И.ЖҰМАГЕЛДИЕВА

ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКСУЙСКОЙ РАЙОННОЙ ТЕРРИТОРИАЛЬНОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ

№ 58

11 июля 2022 года


Об отмене решения о регистрации кандидата в акимы Б.Сырттановского сельского округа
В соответствии с пунктом 9 статьи 27 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Аксуская районная территориальная избирательная комиссия **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Отменить решение о регистрации кандидата в акимы Б.Сырттановского сельского округа Мукатаева Асылтай Курмангельдиновича на основании проведения ненадлежащей предвыборной агитации.

2. Опубликовать настоящее постановление на интернет-странице Аксуской районной избирательной комиссии.

Председатель районной территориальной избирательной комиссии
Секретарь районной территориальной избирательной комиссии

Б.БАЙБОЛОВ
И.ЖҰМАГЕЛДИНОВА



Қыстың қамын жазда ойла

Алдағы 2023-2024 жж. жылыту маусымына дайындық шараларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды-тұрмыстық көмірді тасымалдаушы вагондар санының қысқаруына әкеп соғады.

Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын-ала жаз-күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

«АҚСУ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ, АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ ИНСПЕКЦИЯСЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ.

БАСПАСӨЗ - 2023

АҚСУ ӨНІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛДЫҢ ІІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "ҚАЗПОШТА" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар!

"Ақсу өңірі" газетіне жарты жылдық жазылу бағасы - 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 65750

Қазақ тілім – мәңгі жасар байлығым!



жалғау-жұрнағы әрбір шынайы азаматқа танымал, мәдени-әлеуметтік өмірде өзіндік мәні бар киелі ұғым. Халқымыздың біртуар перзенті Мағжан Жұмабаев: «...Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілінің кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді.

Тіл адамдардың қарым-қатынас құралы болғандықтан, ол сөйлеу әрекетінің арқауы болып табылады. Тіл ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас құралы. Адам тіл арқылы бір-бірімен қатынаса алады. Қазіргі таңда, еліміз өз егемендігін алып, дербес мемлекет ретінде танылуда.

Біздің қазақ халқының тілі өте бай, айтылуға орамды, көркем тіл. Тіл-адамның барлық саналы өмірінің құралы: өнер-білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды ол тіл арқылы үйренеді. Тіл оның ішінде біздің ана тілі еліміздегі халықтардың барлық іс-әрекетінің, қарым-қатынасының құралы болуы тиіс, оның мәдениетін жоғары сатыға көтеру әрбіріміздің борышымыз. Тіл байлығын игеру – ана тілін қадірлейтін, тіл мәдениетінің шыңына қол созатын адамның әрекеті. Ана тілін жақсы білу – әркімнің азаматтық борышы, қоғамда атқаратын қызметінің тірегі.

Қаламқас БАКЕЕВА,
Ақсу аудандық сот
өкімшісінің жетекші маманы.

Мемлекеттік тіл - Тәуелсіз елдің негізгі рәміздерінің бірі. Кез келген өркениетті елдің өзінің Туы, Елтаңбасы, Әнұраны, шекарасы болатыны секілді мемлекеттік тілі де болады. Демек, мемлекеттік тіл де — мемлекеттігіміздің негізгі атрибуттарының бірі. Біздің Ата Заңымызда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі — қазақ тілі» деп жазылған. Ал орыс тілін — ресми тіл және мемлекеттік тілмен бірдей қолданылады деп айтылған. Біз Конституция талаптарын мүлтіксіз орындауға міндеттіміз.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып саналады. Қазақ тілі - әлемдегі тілдердің ішіндегі ең бай, келбетті тілдердің бірі. Қазақ тілі қазақ халқының ана тілі.

Қай кезде болмасын тіл мәселесі – сол тілде сөйлейтін, сол тілден сусындаған, ұлттық, ділдік белгісі болып саналатын халықтың мәселесі. Әрбір халықтың ана тілі бар десек, өз ана тіліміздің барша болмысы, тіпті оның әрбір дыбысы мен

МЕДИАЦИЯ – ЖАҢАРҒАН ДӘСТҮР!

Біз қазақ халқы ежелден мәмілегер халықпыз. Кез келген мәселені, дауды келісіммен шешіп, бітімге келе білгендігіміз баршамызға тарихтан белгілі. Қара қылды қақ жарған әділ бидің бір ауыз кесімді сөзіне бағынып, бітімге келетін ата-бабамыздың бітімгершілік жолын бүгінгі қоғамда жалғастыру мүмкін бе? Иә, әрине, ол мүмкін. Осы ретте сол байырғы қанымызда бар қасиетті заңнамалық заманауи тұрғыда дамып келе жатқан медиация ұғымымен байланыстыра аламыз.

Қазақ сөзге тоқтаған халық. Елді ортақ мақсат - мүддеге жұмылдыруда арнайы Дала парламенті жұмыс істеді. Онда ақсақалдардың байламына тоқтап, дауласқан тараптар келісімге келіп отырды. Төрелігін

айтқан шақта, би ағасы екі жақтың уәжін тыңдап, айыптының кінәсін мойындатып, татуластырып отырғандығы бәрімізге белгілі. Осылайша көптеген мәселелер мәмілегерлік жолмен шешіліп, ел іші де тыныш болған. Қазақ халқы үшін бітімгершілік – билік айтудың ең озық өнегесі ретінде таныс. Демек қазіргі медиация, біздің тарихымызда баяғыдан бар дәстүр.

Медиатор сол тарихтарды айтылған қара қылды қақ жарған әділ билеріміздің орнында, олар да дауды қаншалықты шешуге болатындығын, тараптардың қайсысы бейбіт шешімге жақын екендігін анықтап, өз тәжірибесіне сүйене отырып, тараптардың ортақ шешіміне өз еріктерімен келуіне жағдайлар туғызады. Екі тараптарда татуластырып, бітімге келтіреді. Медиация жүйесінің дамуы

Қазақстандағы сот жұмысына жеңілдік жасап, дауды диалог арқылы оңтайлы шешуге мүмкіндік беріп, халықтың құқықтық мәдениетінің дамуына зор ықпал ететіні анық. Медиация рәсімінің де басты мақсаты – дауға қатысты тараптарды қанағаттандыратын шешім табу. Яғни, байырғы игі дәстүріміз бүгінгі күні заңнамаға еніп, өмірімізге қайта келуде.

Халқымызда «Бақ қайда барасың – ынтымаққа барамын», - деген дана сөз бар. Сол айтылғандай, бірлікке жететін байлық жоқ, татулыққа жететін тірлік жоқ. Арамыздағы ынтымақтастық пен достығымызды сақтай білейік.

С.ИМАНЖАНОВА,
Ақсу аудандық сот
өкімшісінің басшысы.

Сыбайлас жемқорлық - қауіпті дерт!

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай төмендетеді, қоғамда демократиялық оң өзгерістерді жүзеге асыруды тежейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді. Ең бастысы – адамдардың қоғамның демократиялық бастауларына, заң мен шындыққа, сайып келгенде билікке деген сенімін әлсіретеді. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің басты бағыты-оның алдын алу. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылу-



да. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кезкелген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Азаматтардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптасуы үшін сыбайлас жемқорлықты елдің дамуын тежейтін аса қауіпті қоғамдық дерт деп тануы тиіс. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет әр адамда құқықтық сауаттылығына да байланысты төмен немесе жоғары болуы мүмкін. Мемлекеттегі заңнамаларды жақсы білу әр адамның өз іс-әрекетіне деген сенімділігін күшейтеді.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып,

тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке ел болып атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Қазір сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлерін жою үшін Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық санасын арттыру жүргізілуде. Өйткені олар сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімің болмауына байланысты абайсызда сыбайлас жемқорлықтың қатысушылары болып қалуы мүмкін. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ!

Д.НҮРТӨЛЕУҰЛЫ,
Ақсу ауданының Қорғаныс
істері жөніндегі бөлімінің
бастығы, майор.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ, АҚСУ АУДАНЫНДА, ҚАПАЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНЕ ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН, АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРСІН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРСТЫ ӨТКІЗБЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Ақсу ауданының өкімдігі Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1-бабының негізінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру және өткізу бойынша.

Ағымдағы жылдың 30 маусымында аудан әкімінің 2023 жылғы Қапал ауылдық округінің атқарылған жұмысы туралы есеп беру кездесуінде ауыл тұрғындары 59-60 лотты екіге бөлуді талап етті. Тұрғындардың шешімін қанағаттандыру мақсатында. «Ақсу өңірі» 26 мамыр 2023 жылы №20 (10171) газетінде жарияланған шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінен, Қапал ауылдық округінде орналасқан 59-60 лоттар бойынша (жер учаскелеріне) уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын беру туралы конкурстың тоқтатылатыны туралы хабарлайды.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ.

ОБ ОТМЕНЕ КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА НА ЗЕМЕЛЬНЫЕ УЧАСТКИ, РАСПОЛОЖЕННЫЕ В АКСУСКОМ РАЙОНЕ ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ, КАПАЛЬСКОМ СЕЛЬСКОМ ОКРУГЕ

Акиматом Аксуского района на основании статьи 43-1 Земельного кодекса Республики Казахстан «по организации и проведению конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

30 июня текущего года на отчетной встрече акима района о проделанной работе Капальского сельского округа за 2023 год жители села требовали разделить лоты 59-60 на две части. С целью удовлетворения решения населения.

Извещает о прекращении конкурса по организации и проведению конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства по лотам 59-60, опубликованных в газете «Ақсу өңірі» от 26 мая 2023 года №20 (10171) (земельным участкам) расположенным в Капальском сельском округе, земельных участков сельскохозяйственного назначения.

ОТДЕЛ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА И ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ АКСУСКОГО РАЙОНА.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

«MAJOR-A GROUP» ЖШС 2022 жылғы "06" желтоқсандағы №1920-EL қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған лицензияға сәйкес Жер қойнауы учаскесінде барлау жоспарының "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімі (ЖШН, ҚББ, ЭББ, ТҚІЖ) жобалары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді 10 (он) блок: L-44-99-(10e-56-10,15,19,20,24), L-44-99-(10e-5r-4,7,8,9,10), Жетісу облысы Ақсу ауданында орналасқан.

Тыңдау 21.08.2023 15:00, Мына мекен-жай бойынша өтеді: Жетісу облысы, Ақсай ауданы, Ақсай а.о., Суықсай а., ш. Омаров к-сі, 18. Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу шаралары, оның ішінде карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар ZOOM бейнеконференциясы арқылы онлайн режимінде өткізіледі.

Онлайн қосылымға сілтеме <https://us05web.zoom.us/j/88538778963?pwd=VmdwZk81Vm9UQ1dtSjVWcldHN1JwUT09>

Конференцияны сәйкестендіру: 885 3877 8963

Күпия Сөзі: Hh3sk3

Бастамашы: «MAJOR-A GROUP» ЖШС, БСН 210140019037, Қазақстан, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Мәметова көшесі, 76 үй, 4 кеңсе.

Жобаны әзірлеуші: Утегенов С.А. ЖҚ, БСН 850902300822, Ақтөбе қ., көш. Бөкенбай батыр, 129Д, 168 А қаб. Электрондық пошта және телефон: Aigul-kz79@mail.ru; +77026624010.

Құжаттама Бірыңғай Экологиялық Порталда орналастырылған: <https://ecportal.kz> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru> сайтында.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде межеленіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ межеленіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін е-mail: Aigul-kz79@mail.ru және тел. +77026624010.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

ТОО «MAJOR-A GROUP», объявляет о проведении общественных слушаний к проектам: Раздел «Охрана окружающей среды», (НДВ, ПУО, ПЭК, ППМ) к «План Разведки золотосодержащих руд в пределах листа L-44-99-(10e-56-10,15,19,20,24), L-44-99-(10e-5r-4,7,8,9,10) на 10 блоках в области Жетісу» Лицензия №1920-EL от «06» декабря 2022 года.

Слушания состоятся 21.08.2023 15:00, по адресу: область Жетісу, Аксуский район, Суықсайский с.о., с.Суықсай, ул. Ш.Омарова 18. Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн режиме посредством видеоконференции ZOOM.

Ссылка на онлайн подключение <https://us05web.zoom.us/j/88538778963?pwd=VmdwZk81Vm9UQ1dtSjVWcldHN1JwUT09>

Идентификация конференции: 885 3877 8963

Пароль Hh3SK3

Инициатор: ТОО «MAJOR-A GROUP», БИН 210140019037, Казахстан, город Алматы, Алмалинский район, ул. Маметовой, дом 76, офис 4.

Разработчик проектов: ИП Утегенов С.А., БИН 850902300822, г.Ақтөбе, ул. Бөкенбай батыра, 129Д, оф.168 А. Электронная почта и телефон: Aigul-kz79@mail.ru; +77026624010

Документация размещена на Едином Экологическом Портале: <https://ecportal.kz> и на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru>. Можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности, при проведении публичных слушания, а также запросить копии документов эл. версии, относящихся к намечаемой деятельности по e-mail: Aigul-kz79@mail.ru и по тел: +77026624010. МИО ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», Область Жетісу, город Талдықорған, улица Кабанбай батыра, №26, электронный адрес: zhetysu.priroda@zhetysu.gov.kz.

Тіл – тазалық, тіл – байлық



Кезге көрінбейтін, қолға ұсталмайтын бірақ шынайы күшіне енетін болса елді сілкіндіре алатын тылсым күш иесі ол – тіл. Өр ұлттың өзіндік ерекшелігін тұр-тұлғасын, салт – дәстүрін, ұстанымын, наным – сенімін санаға сіңіріп ұрпақтан – ұрпаққа жалғастыратын баға жетпес байлық саналатын қатынас құралы.

Сондықтан да, тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір қасиетін біле – білген халқымыз оны ұлттық рухына қазына байлығына балайды. Себебі, тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін – келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін ана тілі мен ата –

дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі.

Тіл – тәуелсіздіктің айғағы. Тіл мен егемендік егіз ұғым. Тілсіз тәуелсіздік, егемендіксіз тіл болмақ емес. Тілі жойылған ұлттың өзінде жойылады. Тіл – тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып орнағалы ширек ғасырға

таяу уақыт болды. Осы уақыт ішіндегі көптеген еңбектер нәтижесінде мемлекеттік тіл – қазақ тілі болып жарияланды. Тіл үшін бар күш жігерімізді аямай еңбек етуіміз керек. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы – біз. Яғни, қазақ жастары, демек, біздің міндетіміз қазақ тілінің мәртебесін асыру болмақ. Еліміз сан ғасырлар аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізді. Тіліміздің түп тамырымен жойылып кетпегеніне шүкіршілік ете отырып, ежелгі бабаларымыздан сақталған ана тіліміздің мәртебесін өсіріп, кіршіксіз таза қалпында болашаққа жеткізу біздің басты борышымыз екенін ұмытпау.

Гүлбахар ЕРКІН,
Қызылағаш ауылдық мәдениет үйінің әдіскері.

Іштен шыққан жау жаман

Тақырыпты көріп ойланып отырған боларсыз, әрине, еліміздің тыныштығы, береке – бірлігі, бейбіт өмірі баға жетпес байлық екені баршамызға белгілі. Осындай гүлденіп көркейген елімізге сырттан қызыға да, қызғана да қарайтындар жеткілікті. Түрлі айлашарғылар арқылы, дінді желеу етіп, алдап-арбап әсіресе, тепсе темір үзетін жастарды адал жолдан ауытқытып, елге, халыққа қарсы қойып қоятын қанпезерлерде жоқ емес. Сондайлардың аздаған ақшасы мен үгіт-насихатына алданып, туып – өскен жерлеріне сатқындық жасайтындар еміс-еміс байқалады. Экстремизм мен терроризм тақырыбы тек Қазақстан үшін ғана емес, әлемдік деңгейдегі аса өзекті мәселенің бірі. Бұл әсіресе соңғы жылдары әлемнің түпкір – түпкірінде орын алып жатқан түрлі лаңкестік оқиғалар мен экстремистік топтардың белсенді әрекетінен кейін ғаламдық мәселеге айналды. Осы ғаламдық мәселе бізді де бей-жай қалдырмады. Сондықтан әр адам өзінен, жанұясынан, жақындарынан бастап жауапкершілікпен қолға алғаны дұрыс. Ата – ана баласының кімдермен сөйлесіп, немен айналы-

сып жүргенін толық – қанды қадағалауға міндетті. Үлкендік құрметі мен кішілер кішілік ізеті мен әр айтылған сын-пікірді дұрыс қабылдай білгені абзал.

Өр тұлға қоршаған ортаға қай жағынан болса да ықпал ете алады. Ол білімі, еңбегі, жетістіктері арқылы, жақсылыққа, елді дамуға жетелесе, дәл соған сәйкесінше кері әсерінде тигізе алары анық. Сондықтан бәрімізді құшағында аялап тербетіп, бар керегімізді сыйлай білген, қажетімізге мейлінше жарай білген, қасиетті Отанымызға қызмет етейік. Елдің ел болып еңсесін тіктеп, мәңгілік гүлденіп көркеюіне сүбелі үлес қосайық. Жат ағымдардың ішке кіруіне, арам пиғылын іске асыруына мүлде жол бермейік. Ел болып, халық болып қарсы тұрайық. Бар күш – жігерімізді, қажыр – қайратымызды ел болашағы болған жас ұрпаққа дұрыс үлгі – өнеге көрсетуге арнап, ғасырдан – ғасырға жалғасып өмір сүре білейік ағайын.

Әсем ЕСЕНАМАНОВА,
Қызылағаш ауылдық мәдениет үйінің директоры.

Жемқорлық – ең қорлық



Өткенімізге үніліп, бүгінгімізге жүгініп, ертеңімізге жүгіріп күн кешкен барша отандас қазақ елі, жаңа Қазақстан, жаңа қоғам, көңіл қуантарлықтай жетістіктер нәтижесі қаншама еңбек ізденістер жемісі десек қателеспейміз. Дейтұрғанмен бұдан да шынайы тілті де гүлденген қоғам қалыптастыруға кейбір келеңсіздіктер кері әсер еткені анық. Оның бірі де бірегейі – жемқорлық. Олай айтуымыздың басты себебі – әр сала білімді, білікті мамандары мен жетістікке жетері анық. Өкінішке орай, кей сәттерде таныс – тамыр арқылы жұмысқа орналасатындар шынайы мамандардың жолын кеседі. Өзінде шынайы білім, қабілет болмағандықтан жұмысты ақсатады. Өр жеке-келеген жұмыстың кері кетуі қоғамды дамудан тежейді. Балаларымыз тауып айтқан «тура бала де туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», -деп олар әділдік

пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би қатарлы би – шешендердің өмірі дәлел.

Кез – келген өркениетті қоғам үшін, сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жойудың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын ұлттық қауіпсіздікке қауіп – қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының басымдықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу қолға алынған болатын.

Біздің қоғамда сыбайлас

жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтаудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Ол үшін әр адам адалдық пен тазалықты өзінен және жақындарынан бастағаны абзал «өзіңе не тілесең, өзгеге де соны тіле», - деген ұстаным арқылы ұрпақты әділдікке, отансүйгіштікке, қайырымдылыққа және шынайылыққа бағыттап, болашағы жарқын, бай – қуатты, сенімді ел қалыптастыруға атсалысайық.

Ел гүлденіп оңалған, Болашаққа жол алған Жемқорлық деген – ең қорлық, Аластайық қоғамнан.

Қайдар ЖАҒЫПАР,
Қызылағаш ауылдық мәдениет үйінің музыкалық жетекшісі.



Жазғы демалыс кезінде

Самал желде, жұпар көлде, Демаламыз, қайтамыз.

Бар дауыспен өнге салып,

Лагерь жырын айтамыз - деп балалық шағымызда жылда жаз мезгілінде осы өнді жырлап айтатын едік. Быылғы жаздың ерекшелігі сол - жазғы лагерьде балалардың ұтымды, қызықты, көңілді демалуы. Шынымен де, әр бала жаз мезгілін асыға күтеді. Себебі, кез - келген адам баласының балғын шағындағы жазғы демалыс лагері ұмытылмас естеліктерімен есте қалады. Аудан орталығындағы Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп-гимназиясының бастауыш сынып оқушыларымен жазғы «Балдәурен» лагері өз жұмысын қызықты да, тартымды етіп бастап кетті.

Лагерь - бастауыш сыныптар үшін 3 аусымнан тұрды. Өр ауысым жоспарлары мен лагерьде қызмет ететін лагерь башысы, тәрбиешілер мен музыка, спорт түрлерін ұйымдастырушы мұғалімдер бекітіліп, қызмет жасады. Өр ауысым он күннен болды. Біздер үшінші ауысымда, яғни, 29.06-12.07.2023 ж. аралығында болдық. Лагерь басшысы Серкібаева Әйгерім, тәрбиешілері Данабатырова Н.И., Құзайбаева Ж.Е., Омышева А.К., Рахимбаева Г.Н. және дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері мен музыка пәні мұғалімі Мақұлжанова Бақыт Ахметқызы атсалысты.

Өр күнге қызықты тақырыптар алынып, сол тақырыптар негізінде балалармен әр түрлі музыкар жүргізіліп, күнделікті таңғы жаттығулардан басталып, балалар қайтуға дейінгі аралықтың әр күні қызықты естеліктерге толы болды. «Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік шаралары» тақырыбында әңгіме өтті, онда балалар бір-бірімен пікірлер алмасты. Аудандық кітапхана қызметкерлерімен тығыз қарым-қатынаста болып, «Оқуға құштар» аясында «Кітаптар әлеміне саяхат», «Сүйікті ертегілерім», «Табиғат аясында кітап оқу» және қазіргі заманауи элестронды кітаптардың қыр-сырымен танысып қайтты.

Сонымен қатар «Домбыра күніне» арналған кеште балалардың бойынан ұлттық аспапқа деген қызығушылық пен дарындылығын тамашалады. Одан кейінгі күндері балаларымыздың бойынан өз отбасы мүшелеріне деген сыйластық, сүйіспеншілік, үлкенге құрмет сезімін арттырытын өлең-жырлар, әңгімелер, суреттер көрмесі өткізілді. Өр бала өзінше дарынды, өзінше шығармашыл екенін аңғартып отырды.

Салауатты өмір салтын қалыптастырып, балалардың спортқа деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында балалармен қызықты эстафеталар мен ойындар жүргізіліп отырды. Ол шараны мектебіміздің дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері жүргізіп отырды.

Осы ауысым Құрбан айт мерекесімен тұспа-тұс келуі. «Қуанса, бала қуансын» немесе «Берсең, балаға бер, айта жүрер», - демекші өз мектебімізден жаны жомарт жандардың бар екендігі. Жаны жомарт жандар осы ауысым балаларына демеушілік жасап, тәттілерін әкеліп, балаларға күнделікті үлестіріп, балаларға қуаныш сыйлап отырды. Олар, Қалибек Шағала, Қасымбекова Ботагөз, Көшембаев Серікбол және осы ауысымда қызмет атқарған ұстаздарға алғысымыз шексіз.

Осындай қызықты күндерге толы сәттерде балалар бір-бірімен сырласып, жақын достасып, ой бөлісіп, жақсы қасиеттерді бойларына сіңіріп, шығармашылықпен жұмыс істеуге арналған лагеріміздің үшінші ауысымы да өз мәресіне жетті. Қорытындылай келе, лагерь балаларының қатысуымен, онда әр қырымен танылған оқушыларымыздың барлығына «Талаптарыңа нұр жаусын!» - дейміз.

Н.ДАНАБАТЫРОВА,
«Балдәурен» лагерінің тәрбиешісі.

● 101 ХАБАРЛАЙДЫ

Өмірінде өртті бір рет көрген адам оның қандай апат екенін біледі. Өрт жолындағының бәрін жалмап, тіпті ең қымбатты – адам өмірін де аямайды.

Біздің күнделікті тіршілікте: «Сіріңкемен ойнама», «Отпен ойнау қауіпті», «Өрт – тілсіз жау» және т.б. ұрандарға құлағымыз үйреніп кеткен. Көп жағдайларда балаларды көз қызықтырар белгілері бар сіріңке, темекі қорабтары қызықтыратыны естен шығып жатады.

Соңғы күндері облыс аумағында жекеменшік үйлерде өртену саны күрт көбеюде. Өрт талдауы бойынша осы өрттің шығуына көбінесе балалардың отпен ойыны себеп болуда. Бір тал сіріңке шиі жаз бойы тірнектеп жинаған шөп маясын бір сәтте күлге айналдырады. Осындай өрттің аяғы көбінесе жақын тұрған үйлерге, қора-қопсыға, тіпті балалардың өзіне және ересек адамдарға қауіпті.

БАЛА ЖӘНЕ ӨРТ

Балаларда үлкендерге тән психологиялық қорғаныс реакциясы толық дамымаған. Көпшілігі өрт кезінде аман қалу үшін не істеу керектігін біле бермейді. Осы себептерден өрт кезінде көп жағдайларда төсек астына, шкаф ішіне, көрпе астына немесе бөлмедегі қуыстарға тығылып, өрттен қашады. Есік ашық болса да шығуға тырыспайды. Оларды қою түтін жайлаған бөлмелерден табу өрт сөндірушілерге қиындыққа соғып жатады.

Ауданымызда балаларға оттан абай болуды үйрету жұмыстары жүргізілуде. Мектептерде, бала бақшаларда өрт қауіпсіздігі



шараларын оқыту жетілдендірілуде, бұқаралық ақпарат құралдары қамтылуда. Аудандық мектептерде Жас құтқарушылар жасақтарының жұмыстары жандандырылуда, ол үшін жас құтқарушылар жасақтарын құру жоспары құрылып, аудандық білім беру бөлімімен келісілді.

Соған қарамастан, бұл алдағы балалардың кінәсінен болған өрт санын кеміту үшін атқарылатын жұмыстардың бір бөлігі. Өрбір ересек адам олар үшін жауапты екенін естен шығармауы ең маңызды мәселе. Естеріңізде болсын, балалардың отпен ойнауына қарсы күрес өртке қарсы күрес қана емес, ол ең алдымен балаларымыздың бақытты да шаттыққа толы өмірі үшін күрес.

Нұрдәулет ЖАҚСЫБАЕВ,
аудандық ТЖБ бастығы,
азаматтық қорғау подполковнигі.


МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЖІНЕ БАҚ ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУЫНА!

АНА ТІЛДІҢ ӨЗЕГІ

Қазақ Ана тілін қашанғы өзегінен тебе береді?

Мемлекеттік тілдің қызметі мен қоғамдық аясын кеңейтуде айрықша рөл атқарып, оның дамуына әсер ететін құрылымның бірегейі – бұқаралық ақпарат құралдары. Күннен-күнге жаңа технологиялар дамып, тұтас әлем сандық жүйеге көшіп жатқан кезде, БАҚ-ның қоғамдық ортаға тиіс әсері орасан зор. Мәселен, қазіргі уақытта еліміздегі барлық мерзімді басылымдардың сайттық үлгісі жасалынып, медиа кеңістіктің талабына ыңғайланып келеді. Жалпы қарап отырсақ, ақпараттың қоғамға жетуі, тарауы – әп сәтте жылдам жүзеге асып отыр. Біз, әлеуметтік желілерді тұрақты қолданып жүрген қолданушы ретінде һәм БАҚ-ның өкілі ретінде БАҚ-дағы мемлекеттік тілдің жағдайы мен рөлі, ұлттың ұлы мұраты мен құндылығы жайында өз ойымызды білдіруді жөн деп санадық.

Тіл - елдің елдігінің,
оның ғылымы мен мәдениетінің,
өнеркәсібінің, қоғамдық
құрылысының, салт-санасының,
жауынгерлік дәстүрінің, ұлттық
мұрасының қай дәрежеде екенін
білдіріп тұратын көрсеткіш.



танытып, оның құдіреті мен қасиетін дарытқан ана тіліміздің қорғаны, тіреуі болуы тиіс. Мемлекеттік қызметкерлер, түрлі атқарушы органдардың ағзалары сұхбат бергенде немесе сөз сөйлегенде ресми тілді пайдаланса, оны сол қалпында эфирге жібермей, ана тілінде аударып, таратуы жөн. Қысқаша айтқанда, БАҚ – мемлекеттік тілдің жырын жырылап, мұңын мұңдап, басы ауырып, балтыры сыздап отыруы керек!

БАҚ мемлекеттік рөлі қандай? Біріншіден, радио немесе телеарнаның өзінде қызмет етіп жүрген журналистердің өзі мемлекеттік тілден мүдіріп, ақсап жатады. Сөз саптауы, сөйлем құрау және т.с.с. мәселелері жеткілікті. Хабарларды тындап отырып, сол бейбақтар үшін өзінен өзі қысылып, ұяласың көп! Телеарна мен радио журналистерінің тілі, олардың кемшіліктері хақында профессор, тіл жанашыры Ш.Құрманбайұлы жиі мәселелер көтеріп жүр. Осындай өткір сыни мақалалардан тәлім алып, кемшілігін түзеткен журналистерді көрер күн туар ма екен?! Екіншіден, мерзімді басылымдардың да тіл мәселесіне салғырт қарайтыны анық. Байқауымызша, осы газет-журналдарда қазір корректор деген маман жоқ сықылды. Өріп жүрген қателер мен стилистикалық байланысы жоқ сөйлемдерді оқып отырып, мың атала болып қалады. Үшіншіден, сайттар мен порталдар. Бұлар – арзан рейтинг үшін «арын» сатуға дайын тұрғандардың нақ өзі. Біздің елдегі бірде-бір іліп алар, тәуір сайт жоқ. Әдебиетіне арналғаны жарнама, арзан шығармаларды жарияласа, тарихи жаңа күннің жаңалығын дәріптейді дегендей. Біздің порталдарға ұлттық мүддеден гөрі Баян Есентаева, Қыдыралы Болман, Қайрат Нұрғатаевтың тағдыры қызық. Қазақтың үні бола алмаған, арзан жолменен дамығысы келетін сайттардағы мемлекеттік тілдің рөлі мен көрінісін айтудың реті де келмейді.

Сайып келгенде айтарымыз, қазақтың баспасөзі, ұлттық арнасы, радиосы – қазақ мүддесінің қызметіне жегілуі керек. Ұлы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай,

«халықтың көзі, тілі һәм құлағы» болуы керек емес пе еді.

Мемлекеттік тіл мәселесі

Тағы да қайталап айтамын менің мемлекеттік тілім төсекке танылған науқастың күйін шегіп келеді. Дертінен арылар түрі жоқ! Қоларбаға танылған мүгедек адам секілді менің ана тілім жетекпен ана жүргені жасырын емес. Менің ана тілім – жарым жан! Біздің қоғам керең болып тұрғанда, менің ана тілім өрістемес, көктемес!

Менің тілім ар мен мансап арпалысының табанында тапталып барады. Қашан болса да үлкендердің кішілерге өктемдік көрсетері табиғаттың заңдылығы емес пе? Жо-жоқ, енді олай болмауы керек... Менің ана тілім – менің мемлекеттік тілім емес пе еді... Ендеше, ағылшын мен орыс тілін дамытқанша, өз тілімізді дамытатық. Ол екі тіл – өлемдік тілге айналғалы қашан? Әрине, әр қазақ баласы шет тілдерін білсін, үйренсін. Мәселен, мен жас әдебиетшімін. Өзімнің тәжірибемнен анық бір мысал келтірейін: «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын тәмамдап, «орыс әдебиеті» мамандығы бойынша магистратуралық білім алдым. Салыстырмалы әдебиеттану ғылымымен айналысып жүрген соң, қосымша түрік тілі мен ағылшын тілін меңгеріп, дүниетанымым мен көзқарасымды жаңаша қалыптастыру үстіндемін. Қазіргі уақытта менің әдебиет-эстетикалық, теориялық ойларым шет елдік басылымдарға жиі жарияланып жүр. Алдағы уақытта базалық білімімді тағы да шыңдасам, көркем әдеби шығармаларды «қазақша» сөйлетуге мүмкіндігім жетеді деп ойлаймын. Көп тілді меңгеру деген идея – қазақ баласының интеллектуал болып, жан-жақты дамуына, бәсекеге қабілеті зор, әлеуеті мен күш-жігерінің айқындалуына себепкер болады.

Ал, мемлекеттік тіл – ҚАЗАҚ тілінің жағдайы енді қайтіп күнөртіндегі мәселеге айналмауы тиіс. Бұл – заман талабынан туындаған жол. Қазіргі жаңа технологиялардың күннен-күнге жаңарып, бірінен бірі озып тұрған шақта, «кішкентай»

ұлттардың ерекшелігі мен болмысы ассимиляцияға ұшырап, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кетуі әбден мүмкін. Сондықтан ұлттың тарихи тамырын берік қылуымыз үшін, жаһандық үрдіске қарсы төтеп беруіміз үшін біз әр қазақтың, әрбір қазақстандықтың ұлттық санасын жаңғыртуымыз керек! Ұлттық сана – ұлттық бірегейлікпен қалыптасады. Ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың бірінші міндеті – кириллицадан латын қарпіне көшуіміз. Латын қарпі – мұқым түркі халықтарының басын қосып, туыстығымыз бен бауырластығымызды одан әрі жақындастыра түседі. Латын қарпіне көшсек, бүгінгідей ана тіліміздің мәселесі қайта көтерілмейді. Себебі: біз «орыс мәдениетінен» іргемізді аулақ ұстайтын едік.

Біздің елімізде мемлекеттік тілдің өз мәртебесіне іс жүзінде ие болмауының басты себебі: қазақ тілін игеруге қажеттілік туындап отырған жоқ. Қажеттілік болмаған соң, ешкімнің жаны ауырмайды. Қазақ тілі – қазақ ұлтының болашағы үшін керек екенін жете түсінбейінше, тілдің мәртебесін көтеру мүмкін емес!

Ешбір ел, ешбір ұлт рухани құндылықсыз өмір сүре алмайды. Ұлт руханиятының бастауы – тіл! Ұлттық сана-сезім – адамның рухани өмірінің басты белгілерінің бірі. Задында, Отансүйер азаматтардың ұлтжанды, елжанды болып, үлкен әріппен жазылатын «Отан» сөзіне құлша қызмет етіп, ұлттық санамен тәрбиеленуі керек ау. Кез - келген ұлттың негізгі тірегі, құндылығы – ана тілі, төл тарихы, мәдениеті, әдет-ғұрпы, ауыз әдебиеті мен әдеби мұрасы екені анық. Қазақтың басқақтығын танытып, оның дербес ұлт екенін көрсететін де осы – құндылықтары.

«Тіл» мәселесін көтере беру де ұят. Тіл күресінің нәтижесі жоқ. Жоғарыдан «!» бір-ақ пәрменді «зілді» бұйрық шықса, қазақ қоғамы тегістей «қазақша» сайрап еді... Ендігі кезек – бұйрықты күту!

Көк аспан тектес көк байрағым еңкеймесе, еңселі Елтаңбам төрінен түспесе, асқақ гимнімнің үні өшпесе, тілімнің жолы жіңішкермесе, Ата заңым

айбарлы болса – мен де азатпын, мен де биікпім!

Меніңше, рухани жаңғыру деген – әр қазақ баласы өзінің ата-тегі ұлттық негізге сай рәсімдеуі. Сөздің шыны керек, біздің көптеген бауырларымыздың тегінде «ов», «ев», «ин» қосымшасы жазылған. Мысалы, Саркесян деген адамды армян, Кикабидзені грузин, Югайды көріс, Тоқайды татар Костенконы украин, Кемальдың түрік екенін тегіне қарап ақ оп-оңай ажыратамыз. Яғни, бұлардың аты-жөні, ата-тегі өздерінің ұлттық негіздеріне сай жазылған. Міне, ұлттың ұлт екенін айрықшалайтын осындай ғана қарапайым құндылықтар!

Тіл - мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі, тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі.

Тіл – тәуелсіздіктің айғағы. Тіл мен егемендік егіз ұғым. Тіпсіз-тәуелсіздік, егемендіксіз тіл болмақ емес. Тіл – тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып орнағалы ширек ғасырға таяу уақыт болды. Мемлекеттік тілі – қазақ тілі деп жарияланды. Бұл тұста Елбасымыз – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақтың болашағы – қазақ тілінде», – деп алдымызға айқын жол ашып берді. Бізге тек осы ұстанымды жүзеге асыруға бар күш-жігерді аямай, еңбек ету ғана қалды. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы – біз, яғни, қазақ жастары. Демек, біздің міндетіміз – қазақ тілінің мәртебесін асыру болмақ. Осы тұста Елбасының «Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін», – деген ұлағатты сөзін ескермей кету мүмкін емес. Тәуелсіздік алғалы бері тіл саясаты жүргізілуде. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен іс – шаралар ұйымдастырылуда. Нәтижелері де аз емес. Алайда жастар арасында, кейбір мекемелерде қазақ тілінің жайы ақсап тұр. Соны көріп жүрегің қан жылайды. Бір жағынан, әлі күнге дейін орыс тілінің ырқынан шыға алмай жүргендігімізден болар. Расында, қазақ халқының басында талай қиын нәубет, зұлматтың, қайғылы күндердің болғаны тарихтан белгілі. Еліміз жетпіс жылдай Кеңес Одағының қарамағында болды. Ата – анамыз орыс тілін ұлықтады. Қазақ халқы өзінің тілін, ділін, тіпті салт-дәстүрін ұмытардай халге жетті. Дегенмен «сабақты ине сәтім» деген. Еліміз сан ғасыр аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізді. Тіліміздің түп тамырымен жойылып кетпегеніне шүкіршілік етуіміз керек тәрізді. Сондай ауыр сәттерде, сын сағаттарда атамекен қонысын тастап босқан халықтың өзімен бірге алып жүрген байлығы – ана сүтімен санасына дарыған ана тілі ғана.

Өзгенің құлы емес өз еліміздің ұл – қызы болайық, өзгенің емес, өз еліміздің тілін ұлықтап, мәртебесін асырайық! БАҚ-дағы мемлекеттік тіл мәселесі – қоғам алдындағы қалам ұстаған барлық шығармашылық адамының атқарар парызы. Ендігісі – өркімнің ары мен ұятына байланысты. Расымен, бір сәт ойланыңызшы: қашанғы өзіміздің Ана тілімізді өзегінен тебе береміз осы?!

Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА,
аудандық ЖШС
«Ақсу өңірі» газетінің
директор – бас редакторы,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

19 ШІЛДЕ - БЕЙБАРЫС СҰЛТАННЫҢ ТУҒАНЫНА - 800 ЖЫЛ! (1223 – 1277 ЖЖ.)

БИЫЛ БЕЙБАРЫС АС-ЗАХИР БАБАНЫҢ ТУҒАНЫНА 800 ЖЫЛ ТОЛАДЫ (1223 - 1277). ӨЛБЕТТЕ, БҰЛ – СЕГІЗІНШІ ӨРКЕНИЕТ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕЛЕУЛІ ОҚИҒА. ТАЯУДА ҚАЗАҚ БИЛІГІ ҰЛЫ ҚОЛБАСШЫНЫҢ МЕРЕЙТОЙЫН АТАП ӨТУ ТУРАЛЫ ӘНГІМЕНІҢ ШЕТІН ШЫҒАРДЫ.

НАРЫЗ бен ҚАРЫЗ



люк сұлтанның тегі қыпшақ деп тайға таңба басқандай анық көрсетілген! Біздің тарапқа жеңіс беріп тұрған да сол жәдігер!

Кейде ұлы бабаның адамзат тарихындағы беделін әлі де болса толық біле бермейміз бе деген ой келеді. 1997 жылы ел астанасы Ақмолаға көшірілген жиынды Сүлеймен Демирелдің жаңа астананың атын «Бейбарыс» деп қою туралы ұсыныс білдіргені бар, әрі оны қолдаушылар да аз болмаған.

Рас, сәл кейінірек Астананың аты өзгертілді. Бірақ ел, тұтас түрік дүниесі күткендей «Бейбарыс» емес, «Нұр-Сұлтан» болды. Осы екі адамның қайсысының басымы, қайсысының бейбасымы екенін түсіне алмай екі жылдай дал болып жүрген заман да өткен...

Ұлы тұлғаның генетикалық анықтамасына келсек, қазіргі алмағайып заманда оны да қолдан өзгерту, жасау қиын емес сияқты. Антрополог-мүсінші Герасимовқа тарихи адамның мүрдесін қазып алып, ұстатасың да «мына азияттан еуропалық адамның

бет-пішінін жаса» дейсің. Сутегін сазбалшық тұрғанда ол да тұтқ емес! Этнобрендтер бәсекесінде азият Шыңғысхан мен Темірланды да өзіне теліп жүргендер бар.

XIV ғасырда әл-Айни жазып қалдырған нақты дерек – Бейбарыстың қыпшақтың тегіне келейік. Ортағасырлық медевистика ілімі Дешті Қыпшақ мемлекетін, оның тікелей мұрагерінің қазақ этносы екенін жаңа біледі. Әрі ол – ғылыми дәлелденген ақиқат дерек.

Дегенмен қыпшақ этнотармағына кіретін татар-башқұрт, өзбек, Қап тауының қарашай, құмық, ноғай, т.б. ұлттары да бар. Мәселенің кезінде бір ушыққан тұсы да сол болған. Мәртебе таласында қазақтың басты бір бәсекелесі екібастан – өзбектер, Әл-Фарабиге, Бейбарыс сұлтанға таласта қазақы мәртебе асқақ болды.

Амалы таусылған ақшапанды жұрт қайта-қайта Мысырға сабылып жүріп, ең соңында Бейбарыстан бұрынғы тағы да бір мамлюк сұлтаны Қайтбайды өзіне меншіктеп алып, тыншыды. Ол да есте ұстайтын жағдай.

Таным айдыны соңғы кезеңде Бейбарыс сұлтанды «Қазақфильм» түсірген толықметражды фильм арқылы таныды. Ал фильмнің өзі Морис Симашконың Олжас Сүлейменовке арнап жазған «Емшан» (Жу-сан) романының негізінде түсірілді.

Жазушының шексіз құрметі Олжасқа ауды ма, әлде қазаққа ауды ма, ол жағын білмейміз, бірақ сол шығарма арқылы ұлы бабаның өз топырағына барынша жақындай түскені күмәнсіз.

Кино да, әдебиет те – насихат құралы. Жасыратыны жоқ, әсіресе, халық жаппай көретін киноның маңызы зор.

Бейбарыстың қыпшақ екені дәлелденгенімен, сол қыпшақ тармағының қай ұлтына жататыны нақтыланбаған кезде «Қазақфильм» кино түсіруді қолға алған. Этнобрендтен дәмелі көңілдің біршама орныққан тұсы сол еді.

КСРО кинематографында одақтас республикалар арасында Бейбарыс туралы фильм түсіруге талас басталсын. Ақыры, жеңіс «Қазақфильмге» ауды.

Алайда мәселе фильмнің режиссерін таңдауда, бекітерде қиындады. «Бейбарыс сұлтанды» кім түсіруі керек? Оның ұлты, тегі кім?

Ақыры таңдау ұлты татар режиссері Болат Мансуровқа түскен. Өрепкіген көңілдің су сепкендей басылған тұсы да сол. Себебі қыпшақ Бейбарысқа қазақпен қоса, татар да таласа алатын. Ал персонаждың ұлтының кім етіп көрсетсе де режиссердің өз еркі. Тіпті, фильм сюжетіне негіз болуға тиіс әдеби шығарманы таңдау да соның қолында.

Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса, татар режиссердің Бейбарыс сұлтанды өз ұлтына теліп жіберуі әбден мүмкін болатын. Алайда болашақ фильмнің бас иесі – «Қазақфильм». Бас кейіпкер рөлін сомдауда ол да маңызды.

Ақыры, біздің тараптың дегені болып, бас рөлді ойнауға Нұрмұқан Жантөрин таңдалды. Ұлы актердің азиялық бет-пішімі, болмысы әмбеге аян. Жантөринді ешкім еуропалық, оның ішінде грузин немесе татар дей алмайтын.

Өлбетте, ол Бейбарыс сұлтанға таласта қазақы беделді асқақтатқан оқиға болды.


Сонымен фильм түсірілді. Оның прокаты бүкіл Кеңестер Одағына тарады. Сол арқылы Бейбарыс сұлтанның қазақтың дәлелденді. Қазір кейбір Батыс, орыс дереккөздері болмаса ұлы қолбасшының қазақтың тегіне ешкім күмәнданбайды.

Ендігі мәселе атақты Салах-ат-Диннен кейін кресшілердің бетін қайтарған, жарты әлемді жаулаған маңғол шапқыншылығын тоқтатқан, адамзат тарихындағы ең ұлы қолбасшылардың бірі – Бейбарыс бабамыздың 800 жылдық мерейтойын Қазақстан көлемінде атап өтуге келіп тіреліп тұр.

Араб тарихшысы әл-Аинидың нақты дерегі таным айдынында толық мойындалған заманда оған қазақ ұлысының толық хақысы бар.

Бүгінгі таңның басты парызы, өткен тарихқа қайтарар қарызы да сол болмақ.

Өмірзақ МҰҚАЙ.



ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННО ПРОИЗВОДСТВА

Жетісу облысы, Ақсу аудан әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 Бұйрығы негізінде,

Ақсуский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа №518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан – Министр сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Ақсу өңірі» и интернет-ресурсе Акимата Ақсуского района объявляет о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

«Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жарияланғаннан соң 30 күнтізбелік күннен кейін, 15 жұмыс күні ішінде, 2023 жылдың 16 тамызынан 06 қыркүйекке дейін қабылданады. Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5, Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне табыс етеді.

Заявка на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 30 календарных дней после публикации, в течении 15 рабочих дней; с 16 августа по 06 сентября 2023 года. по адресу: (область Жетісу, Ақсуский район, село Жансугуров, улица Желтоқсан 5,) в кабинете отдела сельского хозяйства и земельных отношений Ақсуского района.

Конкурсқа қатысу туралы өтінім дердін қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: 2023 жылдың 06 қыркүйек 18 сағат 30 минутқа дейін.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается : 06 сентября 2023 года, в 18 часов 30 минут.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2023 жылдың 07 қыркүйек 10 сағат 00 минутта мына мекен жайда ашылады: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі 5, аудан әкімінің орынбасары кабинетінде.

Вскрытия конвертов с конкурсной документацией будет проведена 07 сентября 2023 года в 10 часов 00 минут (область Жетісу, Ақсуский район, село Жансугуров, улица Желтоқсан, 5,) в кабинете заместителя Акима района.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

4) конкурстық ұсыныс;

конкурсное предложение;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

Конкурсное предложение должно содержать:

2) шаруашылық ішкілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын ертарпапандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертке ұсынылады.

обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

Сонымен қатар, Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Обязательство и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және "2023 жылғы қыркүйектің 07 " дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: 07" сентября 2023 года" (указывается точная дата).

Қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін (72832) 2-21-26 телефон арқылы хабарласуға болады.

Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8 (72832) 2-21-26 (районное управление земельных отношений).

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ.

ОТДЕЛ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА И ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ АКСУСКОГО РАЙОНА.

№	Орналасқан жері	Алаңы, га.	Алқап құрамы	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Балл бонитеті	Су көздерімен қамтасыз етілуі	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы
1	Матай ауылдық округі	1400,0	жайылым	Жеңіл құмды сероземалар	1,9	Қажет емес	Мамандандырылған
2	Матай ауылдық округі	857,6	жайылым	Жеңіл құмды сероземалар	1,8	Қажет емес	Мамандандырылған
3	Матай ауылдық округі	1000,0	жайылым	Жеңіл құмды сероземалар	1,8	Қажет емес	Мамандандырылған
4	Матай ауылдық округі	1000,0	жайылым	Жеңіл құмды сероземалар	1,8	Қажет емес	Мамандандырылған
5	Матай ауылдық округі	537,0	жайылым	Құмы бар жоталы-төбешекті жартылай бекітілген құмдар	3,5	Қажет емес	Мамандандырылған
6	Матай ауылдық округі	545,1	жайылым	Жазық бекітілген құмдар	1,8	Қажет емес	Мамандандырылған
7	Матай ауылдық округі	550,5	жайылым	Жазық бекітілген құмдар	1,8	Қажет емес	Мамандандырылған
8	Матай ауылдық округі	500,0	жайылым	Жазық бекітілген құмдар	1,8	Қажет емес	Мамандандырылған
9	Матай ауылдық округі	500,1	жайылым	Жазық бекітілген құмдар	1,8	Қажет емес	Мамандандырылған
10	Матай ауылдық округі	600,0	жайылым	Жазық бекітілген құмдар	1,8	Қажет емес	Мамандандырылған
11	Матай ауылдық округі	560,0	жайылым	Жазық бекітілген құмдар	1,8	Қажет емес	Мамандандырылған
12	Матай ауылдық округі	550,0	жайылым	Жазық бекітілген құмдар	1,8	Қажет емес	Мамандандырылған
13	Матай ауылдық округі	750,0	жайылым	Жазық бекітілген құмдар	1,8	Қажет емес	Мамандандырылған
14	Матай ауылдық округі	748,8	жайылым	Жазық бекітілген құмдар	1,8	Қажет емес	Мамандандырылған
15	Матай ауылдық округі	763,0	жайылым	Құмы бар жоталы-төбешекті жартылай бекітілген құмдар	3,5	Қажет емес	Мамандандырылған
16	Матай ауылдық округі	1100,0	жайылым	Құмы бар жоталы-төбешекті жартылай бекітілген құмдар	2,6	Қажет емес	Мамандандырылған
17	Матай ауылдық округі	392,0	жайылым	Ашық құмды сероземдермен бекітілген дөңесті құмдар	4,0	Қажет емес	Мамандандырылған
18	Матай ауылдық округі	105,0	жайылым	Шалғынды сортанды-сортанды сұр топырақты-шалғынды қатты сортан-сортан	3,3	Қажет емес	Мамандандырылған
19	Матай ауылдық округі	73,0	жайылым	Сортаң-сортаң топырақтармен бекітілген жоталы-бұдырлы құмдар	1,0	Қажет емес	Мамандандырылған

№	Местоположение	Площадь, га.	Состав угодий	Качественная характеристика почв	Балл бонитет	Водообеспеченность	Сельскохозяйственная специализация региона
1	Матайский сельский округ	1400,0	Пастбища	Сероземы светлые песчаные	1,9	Не требуется	Специализированный
2	Матайский сельский округ	857,6	Пастбища	Сероземы светлые песчаные	1,8	Не требуется	Специализированный
3	Матайский сельский округ	1000,0	Пастбища	Сероземы светлые песчаные	1,8	Не требуется	Специализированный
4	Матайский сельский округ	1000,0	Пастбища	Сероземы светлые песчаные	1,8	Не требуется	Специализированный
5	Матайский сельский округ	537,0	Пастбища	Пески полужакрепленные грядово-бугристые с песками барханними	3,5	Не требуется	Специализированный
6	Матайский сельский округ	545,1	Пастбища	Пески закрепленные равнинные	1,8	Не требуется	Специализированный
7	Матайский сельский округ	550,5	Пастбища	Пески закрепленные равнинные	1,8	Не требуется	Специализированный
8	Матайский сельский округ	500,0	Пастбища	Пески закрепленные равнинные	1,8	Не требуется	Специализированный
9	Матайский сельский округ	500,1	Пастбища	Пески закрепленные равнинные	1,8	Не требуется	Специализированный
10	Матайский сельский округ	600,0	Пастбища	Пески закрепленные равнинные	1,8	Не требуется	Специализированный
11	Матайский сельский округ	560,0	Пастбища	Пески закрепленные равнинные	1,8	Не требуется	Специализированный
12	Матайский сельский округ	550,0	Пастбища	Пески закрепленные равнинные	1,8	Не требуется	Специализированный
13	Матайский сельский округ	750,0	Пастбища	Пески закрепленные равнинные	1,8	Не требуется	Специализированный
14	Матайский сельский округ	748,8	Пастбища	Пески закрепленные равнинные	1,8	Не требуется	Специализированный
15	Матайский сельский округ	763,0	Пастбища	Пески полужакрепленные грядово-бугристые с песками барханними	3,5	Не требуется	Специализированный
16	Матайский сельский округ	1100,0	Пастбища	Пески полужакрепленные грядово-бугристые с песками барханними	2,6	Не требуется	Специализированный
17	Матайский сельский округ	392,0	Пастбища	Пески бугристые закрепленные с сероземами светлыми песчаными	4,0	Не требуется	Специализированный
18	Матайский сельский округ	105,0	Пастбища	Луговые слабосолщевато-солончаковые с сероземно-луговыми сильносолончаковыми сильносолонцеватыми	3,3	Не требуется	Специализированный
19	Матайский сельский округ	73,0	Пастбища	Пески грядово-бугристые закрепленные с солонцами-солончакками	1,1	Не требуется	Специализированный

● «Жетісу облысы, Ақсу ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» ММ БСН 110640020107 өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 үй, тел.: 8-728-322-14-87, 8-701-523-78-63, 8-771-487-42-97.

101 ХАБАРЛАЙДЫ!

Өрт қауіпті кезең

Жетісу облысында өрт қауіпті кезең басталды, жыл басынан Ақсу ауданы аумағында бүгінгі күнге дейін ашық аумақтарда шөптердің жануымен 8 оқиға тіркелді.

Айтарлықтай, жанулар адамдардың отпен абайсыз болуынан, өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтауға неқұрайлы қарауларынан болады.

Өрескел бұзушылардың арасында - кішкентай алау ешқандай қауіп төндірмейді деп санайтын, бау-бақшашылар.

Қазақстан Республикасының Өрт қауіпсіздігі қағидаларының «183» тармағына сәйкес: Алау жағу, қалдықтар мен ыдыстарды өртеу ғимараттар мен құрылыстардан кемінде 50 м. қашықтықта жүзеге асырылады. Қалдықтар мен ыдыстарды өртеу осы мақсатқа арнайы бөлінген жерлерде қызмет көрсетуші персоналдың бақылауымен жүргізіледі.

Ақсу ауданының ТЖБ мамандары барлық тұрғындарға хабарлап, тағы да дұрыс қарау мен мұқияттылық, қауіпсіздіктің негізгі шаралары екендігін ескертеді.

Тұрғылықты мекендердегі жер учаскелерінде құрғақ шөп өсімдіктерін жағуда мынашарттарорындалуы тиіс:

- құрғақ шөп өсімдігін жағу үшін учаске жақын маңдағы объектіден 50 метр қашықтықта орналасуы қажет;
- құрғақ шөп өсімдігін жағу үшін

участок аумағының айналасында радиусы 25-30 метрде құрғақ ағаштардан, бұтақ үйінділерінен, кескен қалдықтардан, басқа жанғыш материалдардан тазалануы және ені 1,4 метрден кем емес өртке қарсы минералданған жолақпенбөлінуі қажет;

- алғашқы өрт сөндіру құралдары міндетті түрде болуы қажет;

- жағу тек желсіз күні жіті бақылаумен жүргізілуі қажет.

Ақсу ауданының ТЖБ алаулар жаққаны және шөптерді өртегені үшін жауапкершілікте болатынды және «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 336-бабына: «Өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды жинап қою қағидаларын бұзу, көрсетілген қалдықтарды жағу кезінде атмосфералық ауаны қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтамау – ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға – үш, лауазымды адамдарға – жиырма, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады» сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы келесі шешім қабылдаумен сотқа дейінгі тергеу жүргізудің бірыңғай тізілімінде фактілерді тіркеу жүргізілетіндігін ескертеді. Сондай-ақ ҚР Қылмыстық

Кодексінің 204-бабына сәйкес абайсызда жасап, ірі залал келтіріп бөтеннің мүлкін жою немесе бүлдіру – жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына жазаланады.

Өрт сөндірушілердің тағы бір мәселесі, саяжай қоғамдары үйлеріне кіру жолдары болып отыр.

Өрт туралы хабарлама алу мен оқиға орнына келуге дейін көптеген уақыт кетіп, ол кезде үй толығымен жанып кетеді. Өрт сөндіру есептері арнайы техникаларға кедергі келтіретін тар жолдармен, құрылыстармен күресулеріне тура келеді және де қажетті тұрақтар жоқ.

Егерде сіз қараусыз қалған жанған шөп пен алауды байқасаңыз, ең біріншіден 101 қызметіне хабарласыңыз және сөндіру үшін шаралар қолданыңыз.

Тұрғын үйлердің шетінде өрт қауіпсіздік қағидаларымен бұзушылықтарымен алаулар жағу, шөптерді өртеу фактілері бойынша өрт қауіпсіздігіне жауап беретін кондоминиумдарға, саяжай қоғамдарында-әкімшілікке хабарласыңыз. Ашық аумақта жандуды және қоқыстарды өртеу мен алауларды жағуда кінәлілерді байқаған жағдайда 101 телефонына хабарласыңыз.

Астықты жинау кезінде өрт қауіпсіздігінің ережелері



Ақсу ауданы аумағында астық жинау науқанының басталуына байланысты, қазіргі таңда ауыл шаруашылығы нысандарында және астық алқаптарында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі бақылауда тұр.

1) Егін жинауды бастамастан бұрын оған қатысатын адамдардың бәрі өртке қарсы нұсқаудан өтеді, ал егін жинайтын агрегаттар мен автомобильдер өрт сөндіретін құралдармен (өзі жүретін комбайнмен - екі өрт сөндіргішпен, екі тік күрекпен және екі сыпырғышпен; тракторлар - бір өрт сөндіргішпен, бір күрекпен), дұрыс ұшқын сөндіргішпен және қоректену, майлау, от алдырғыш жүйелерімен жабдықталуы қажет.

2) Масақты дақылдарды темір және тас жол қарауына алынған жерлерге себуге болмайды. Осы алаңдарда шабылған шөптің шөмелесін астық алабынан 30 м.

қашықтыққа орналастыру керек.

3) Масақты, астықтар пісер алдында олардың орманға, автомобиль және темір жолдарға жақын ұласып жатқан жерлері ені 4 м. шабылып, жыртылып тасталуы керек.

4) Астықты жинау астықты алаптарды 50 га. алқапқа бөлуден басталуы керек. Учаскелердің арасынан ені 8 м. кем емес шалғы жолы жасалуы керек. Шабылған астық шалғыдан тез жиналуы керек. Шалғы жолының ортасынан ені 4 м. жыртылады.

5) Уақытша дала қостары шөптен тазартылған жерде егін алабынан, қырманнан 100 м. ара қашықтықта орналасуы керек. Дала қостарының, астық қырмандарының алаңдары ені 4 м. жолдар жыртылады.

6) Егіс даласында мұнай өнімдерін сақтау және жанар май құю, шөптен, жанғыш қоқыстан тазартылған арнайы алаңда немесе қырманнан, шөп шөмелесінен,

сабаннан, астық алабынан және құрылыстан 50 м. жерде жүргізілуі қажет.

7) 25 га. астықты жерді жинау кезінде, өрт бола қалғандай жағдайда жақын жерде трактор және тырма даяр тұруы керек.

8) Жиналған егіннен қалған сабанды өртеуге және от жағуға болмайды.

9) Қырмандар үйлер мен құрылыстардан 50 м. ал астық алабынан - 100 м. жерге орналасуы керек.

10) Тиым салынады: - тракторлардың, автомобильдердің қақпақ-сыз немесе ашық қақпақтармен жұмыс істеуіне;

- двигатель радиаторларындағы шаңды күйдіру үшін дәнекерлейтін шамды қолдануға; - егіс даласында двигателі жүріп тұрған трактор, комбайндарға және басқа да машиналарға жанар май құюға;

11) Жинайтын машиналардың двигателдерінің радиаторлары, биттерлерінің валдары, сабан толтырғыштары, транспорттары, жинағыш, шнекері және басқа да тораптары мен бөлшектері уақытында шаңнан, сабаннан және бидайдан тазартылып отырылуы қажет.

Құрметті шаруа қожалығының басшылары! Отпен абай болыңыздар, өрт қауіпсіздік ережесін сақтаңыздар, өндірісте және тұрмыста өртті болдырмаңыздар.

Талғат ЗЕЙНОЛДАНОВ,
Ақсу ауданының ТЖБ бастығының уақытша міндетін атқарушысы, азаматтық қорғау майоры.



Жаз уақытында құрғақ және ыстық ауа райына байланысты өрттің болуы қауіптілігі неғұрлым жоғарылайды.

Өткен жылға талдау жұмыстары қорытындысы көрсеткендей, жаз кезеңінде өрт қауіптілігі орын алу маусымында, құрғақшылық маусым болса, өрттердің болуы қатері өседі. Қатерлерді орманды, дала алқаптарда өрттердің себептері әртүрлі: демалыс орнында қараусыз жағылған күйінде қалдырылған от шоғы, сөндірмей тастап кеткен темекі тұқылы, майланған, тез жанғыш заттарды және қоқысты қалдырып кету себептерінен туындайды.

Табиғатта өрттің себепкері болмас үшін жас ағаштың қылқан жапырақтарының, бүлінген орман учаскелерінің, шымтезекті батпақтың маңында, қурап қалған шөп орнында, ағаштардың астында отты жақпау керек. Отты тек

қана арнайы белгіленген орындарда жағып, орманнан, дала алқабынан, демалыс орындарынан кеткен кезде от ты толық сөндіріп, топырақпен көміп немесе үстінен су құйып, жанғыш заттарды, қоқысты, сөндірілмеген темекі тұқылын тастамау керек.

Құрметті аудан тұрғындары! Жоғарыда аталып өткен кез-келген себеп өрттің болу қаупіне себеп болатынын ескере келе қарапайым өрт қауіпсіздігі ережелеріне неғұрлым қарамай, табиғат аясында өрт қауіпсіздік ережелерін сақтаңыздар.

Орман және дала алқаптарында кез - келген алқаптың немесе орманның жануын байқаған кезде оны сөндіруге кірісу қажет, егер өз күшіңізбен сөндіру мүмкін болмаса, өрт шыққан учаскеге қарасты ауылдық округке, ауданның өрт сөндіру мекемесіне және полицияға хабарлау керек.

Суға шомылудың қауіпсіздік шаралары

СУҒА ШОМУЛУ КЕЗІНДЕ:

- БЕЛГІЛЕНГЕН ЖЕРДЕН ӘРІ ҚАРАЙ ЖҮЗІП КЕТПЕҢІЗ;
- СУҚОЙМАЛАРДЫҢ ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ТҮСБІНА ТҮСПЕҢІЗ;
- ЖҮЗІП БАРА ЖАТҚАН СУ КӨЛІКТЕРІНЕ ЖАҚЫНДАМАҢЫЗ;
- СУҒА КӨПІРДЕН, БӨГЕТТЕН, ЖАҒАДАҒЫ АЙЛАҚТАН СЕКІРМЕҢІЗ;
- ТЕРЕНДІГІН БІЛМЕЙТІН ЖЕРЛЕРГЕ СУҒІПМЕҢІЗ.
- ШОМУЛЫП ЖҮРГЕН БАЛАЛАРДЫ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛДЫРМАҢЫЗ;
- ШОМУЛУ КЕЗІНДЕ ТАҚТАЙЛАРДЫ, ШАРЛАРДЫ, КАМЕРАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ;
- СУҒА ТҮСУ КЕЗІНДЕ БҰЗАҚЫЛЫҚ ЖАСАМАҢЫЗ;
- ЖАЛҒАН СИГНАЛ БЕРМЕҢІЗ. АЙНАЛАҒЫЗДАҒЫ АДАМДАРДЫ ЖАЛҒАН АҚПАРАТТЕН ШОШЫТпаңыз.

Baribar

Өр жылы 1 маусым суға шомылудың науқаны басталатыны бәрімізге мәлім. Осыға орай, су нысандарында қайғылы жағдайды болдырмау мақсатында балаларды өз еркімен дария жағалауына жібермеу қажет екенін ескертеміз!

Алайда, тұрғындар қауіпсіздік шараларын елемейді. Суға қауіпсіздік шараларын елемей адам өміріне қауіпті екенін, белгіленбеген орындарда шомылуға болмайтындығы туралы балаларға үнемі ескертіп отыру қажет.

Өкінішке орай, бұл науқан басталғанына көп уақыт болмаса да, елімізде суға бату қайғылы оқиғалары тіркеліп жатыр. Әсіресе, қазіргі кезде мектеп бітірушілер су бойында шараларды өткізіп, ешқандай сақтық шараларын сақтамауда.

Суға батып кетушілердің санын арттырып тұрған статистиканы бәсеңдету үшін және өз жаныңызды, балаларыңызды аман сақтап қалу үшін не істеу керек? Қандай ережелер мен қағидаларды білген жөн?

Суға шомылудың қауіпсіздік шаралары:

- Суға тек қана рұқсат етілген орындар мен жағажайларда шомылыңыздар;
- Суға шомылатын жерді, жалпы жағдайды судың тазалығын, тереңдігін мұқият тексеріп алыңыз;
- Тамақ ішкеннен кейін бірден шомылмаңыз;
- Өте ұзақ шомылмаңыз, өзіңізді шаршауға және тоып қалтырауға дейін жеткізбеңіз;
- Суға түскенде бір-біріңізді және балаларды көзден таса қылмаңыз;
- Қоршау белгілерінен тысқары аумаққа шықпаңыз;
- Техникалық ескерту белгілерінің және басқалардың үстіне шығушы болмаңыздар;

Есте сақтаңыздар! Суға апаттан қорғандың ең сенімді жолы - суда шомылу ережелері мен қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау.

Болат ТЕКТІБАЕВ,

Ақсу ауданы әкімі аппаратының жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс жөніндегі бас инспекторы.

"АҚСУ ӨҢІРІ"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде
Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 1820

Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90.
Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz
Индекс: 65750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.